

**Семей Мемлекеттік Медицина университеті  
Қазіргі заман тарихы және ЖББ пәндер кафедрасы**

# СӨЖ

**Тақырыбы: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ 2013-2020  
ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**



**Орындаған: *Рысбекова Алтынай  
Ахметқызы***  
**Тексерген: *Токабаева Гульмира  
Кадырболатовна***

**Семей  
2017**

# ЖОСПАР:

---

## □ I. Кіріспе

## □ II. Негізгі бөлім

- 1.1. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласының ағымдағы ахуалы
- 1.2. Денсаулық сақтау жүйесінің АТ-инфра құрылымы
- 1.3. Қолданыстағы ақпараттық жүйелердің сипаттамасы
- 1.4. «Ақпараттық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы
- 1.5. Қазақстан Республикасының е-денсаулық сақтаусаласының міндеттері
- 1.6. Қазақстан Республикасының е-денсаулық сақтауын стандарттау тәсілдері
- 1.7. Е-денсаулық сақтаудың тұжырымдамасы
- 1.8 Тұжырымдаманы іске асырудың жыл сайынғы толық жоспары

## □ III. Қорытынды

## □ IV. Әдеби шолу

# КІРІСПЕ

---

Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтау саласын дамыту тұжырымдамасы(бұданәрі–Тұжырымдама)қолданыстағы үлгіні пациенттің мұқтаждылығына қайта бағдарлау үшін жаңарту, медициналы көмектің сапасын және қолжетімділігін арттыру мақсатында әзірленген. Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтау саласының көрінісі мынадай нұсқамен тұжырымдалған: 2020 жылға Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтау саласын іске асыру пациенттің мұқтаждылығына бағытталған денсаулық сақтаудың қауіпсіз, әділ, сапалы және тұрақты жүйесін қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, өзекті, нақты және толық ақпаратты автоматтандырылған түрде алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Электрондық денсаулық сақтаудың басты элементі адамның денсаулығы туралы басты деректерді сақтау және оны ауыстыру үшін логикалық құрылымды қамтамасыз ететін және медициналық қызметтің қолжетімділігімен сапасын арттыруға, сондай-ақ барлық деңгейде менеджментті жетілдіруге бағытталған денсаулық сақтау жүйесінің міндеттерін іске асыру құралы болып табылатын электрондық денсаулық паспорты болады.

# ***1.1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ АХУАЛЫ***

Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту және жаңарту бойынша саясатты тиімді іске асыруда. Еліміздің денсаулық сақтау саласында реформалар жүргізілген жылдарда түбегейлі өзгерістер болды. Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін дамыту мәселелері бойынша заңнама жетілдіріліп, мемлекеттік және салалық бағдарламалар бекітілді.



## ***1.2. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ АТ-ИНФРА ҚҰРЫЛЫМЫ***

- Ақпараттық-техникалық инфра құрылым ДСБАЖ енгізу мақсатында үш өңірде орталықтандырылып қалыптасқан: Астана қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстары. Жарақтау ДБ жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылды. Техникалық инфрақұрылым ДСБАЖ компоненттерінің архитектурасына сәйкес құрылған. Деректерді өңдеудің негізгі (Республикалық) орталығы жарақталды, аталған өңірлердің әрқайсысында өңірлік ДӨО жабдықталды, әрбір медициналық ұйымда сервер орнатылған, жұмыс станцияларының қажетті көлемі, принтерлер бар, сондай-ақ құрылымдалған кабельдік жүйенің монтажі іске асырылды



# 1.3. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

---

- 1)Жүйелер «ынталандыру-реакция»қағидаты бойынша жүйесіз дамуда, дамудың бірыңғай стратегиясы, тұжырымдамасы, архитектурасы жоқ; стратегиялар мен архитектуралардың институционалдық құрастырғышы жоқ;
- 2)ДСБАЖ-не қосымша ретінде веб-қосымшаларының пайда болуы деректердің бірыңғай базасы, деректердің бірыңғай сөздігі қағидатының бұзылуына әкелді және жүйелер арасында интероперабельділікті қамтамасыз ету қажеттілігінің шұғыл өсуіне әкелді;
- 3)Регламенттердің болмауы жағдайды жақсарту үшін қолданылатын күштің мүмкіндігіне және дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді;
- 4)Білікті АТ-мамандарының, жобалау менеджерлерінің жетіспеушілігі, жеткіліксіз оқу және кадр ағымы;
- 5)Ескірген, стандарттарға негізделмеген ДСБАЖ архитектурасы(бірыңғай бір ізге салынған архитектураның болмауы)

▪

## ***1.4. «АҚПАРАТТЫҚ ҚАЗАҚСТАН-2020» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ***

---

- ▣ **Қазақстан Республикасы 2020 жылға дейін электрондық денсаулық сақтау саласында мынадай негізгі көрсеткіштерге қолжеткізу міндеттерін қойды:**
- ▣ 1) бірыңғай денсаулық сақтау желісіне қосылған денсаулық сақтау ұйымдарының үлесі 2017 жылы-60 %, 2020 жылы-100%;
- ▣ 2) «электрондық медициналық карталармен» қамтамасыз етілген халықтың үлесі 2017 жылы-60%, 2020 жылы-100 %;
- ▣ 3) бірыңғай интеграциялық платформамен денсаулық сақтау ұйымдарының ақпараттық жүйелерін интеграциялау 2017 жылы-40 %, 2020 жылы-100 %;
- ▣ 4) медицина қызметкерлерінің компьютерлік сауаттылығының деңгейі-2017 жылы-70 %, 2020 жылы-100%; 5) медицина қызметкерлеріне арналған компьютерлер саны-қажеттіліктен 2017 жылы-60%, 2020 жылы-100%.

## **1.5. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Е-ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

---

### **□ Қазақстан Республикасы е-денсаулық сақтауының мынадай негізгі міндеттерін қалыптастыруға болады:**

1. клиникалық (медициналық) шешімдерді қабылдау процесіне қолдау көрсету;
- 2. медициналық қателердің санын төмендету;
- 3. үздіксіз медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін арттыру және жетілдіру;
- 4. медициналық қызметтердің сапасын арттыру;
- 5. қабылданатын денсаулық сақтау саясатының, басқарушылық және қаржылық шешімдердің сапасын және тиімділігін арттыру;
- 6. денсаулық сақтау саласында үздіксіз кәсіби дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 7. халықтың өз денсаулығы жөніндегі ақпараттың және олардың құпиялылығы жөніндегі мәселелерді басқаруға қолжетімділікті арттыру;
- 8. денсаулық сақтаудағы инвестициялардың және операциялық шығыстардың рентабельділігін және тиімділігін арттыру.



## **1.6. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Е-ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУЫН СТАНДАРТТАУ ТӘСІЛДЕРІ**

---

**Мақсаттарды және мүдделі тараптарды талдау және карта жасау жүргізілді және стандарттардың мынадай түрлері айқындалды:**

- Е-денсаулық сақтау саласындағы халықаралық стандарттарға және тестіленген әдістерге және ақпараттық үлгілеудің практикасына негізделген электрондық жазбалардың құрылымы: яғни электрондық денсаулық паспорты әрбір пациент денсаулығының және денсаулық сақтаудың барлық негізгі кездері үшін басты құрамдасы ретінде алғашқы көмек процесінде негізделеді;
- Медициналық көмек көрсету процесінің қатысушыларын сәйкестендіруді қоса, ЭДП іске асыру үшін қажетті деректердің стандарттары: медициналық портал, медициналық ұйымдар және көмек көрсету объектісі (пациент/дені сау адам), сондай-ақ клиникалық номенклатураның халықаралық бейімделген жүйесінің бөлігі ретінде пайдаланылатын стандартты жіктемелер;
- Мақсаттарға жету үшін қажетті ақпараттық үлгілерді, сондай-ақ интероперабельділік бойынша талаптардың көзқарасын есепке ала отырып, негізгі ақпараттық ағындарды қамтамасыз ету үшін қажетті деректердің стандартталған жинақ

## 1.7. Е-денсаулық сақтаудың тұжырымдамасы

- Е-денсаулық сақтауды 2020 жылға дейін дамытудың тұжырымдамасы—бұл осы құжат. Ол е-денсаулық сақтаудың барлық кеңістігінің архитектурасын қайта қарау бойынша нұсқаулық ретінде болатын е-денсаулық сақтаудың негізгі бағдарламалық құжаты болып табылады. Осықұжаттың негізінде қажетті нысандық салалар—денсаулық сақтау—және АКТ шешімдері арасындағы теңестіру (alignment) жүргізіледі.



## ***1.8 ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ТОЛЫҚ ЖОСПАРЫ***

- Тұжырымдаманы бекіткеннен кейін және мүдделі тараптар іске асыру мерзімдерін, іске асыру үшін жауаптыларды және жұмыстардың құнын көрсетіп, нақты іс-әрекеттердің бір жылға арналған толық жоспарын әзірлейді.



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ 2013-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҚ

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

03.09.2013 ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 498

город Астана

## Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған электрондық денсаулық сақтау тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы №464 Жарлығымен бекітілген «Ақпаратты Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, ақпараттық компьютерлік технологияларды барынша көп пайдалану арқылы халыққа медициналық қызметтерді көрсетудің қолжетімділігін және сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға арналған электрондық денсаулық сақтау тұжырымдамасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Электрондық денсаулық сақтауды дамыту департаменті (Есенбаев Б.С.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің вице-министрі Б.Т. Төкежановқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Қайырбекова

0019815

## ***ҚОРЫТЫНДЫ:***

---

- Заңдар мен регламенттерді жетілдіру е-денсулық сақтауды сәтті енгізуге жағдай жасайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Денсаулық сақтау министрлігі жасауы қажет бірінші қадам—дәстүрлі қағаздық көшірмелердің орнына электрондық медициналық құжаттарды қолданудың заңдық негіздерін әзірлеу және өмірге енгізу. Бұл қадамсыз электрондық денсаулық сақтауды енгізу бойынша өзге әрекеттерді жүзеге асыру мүмкін емес.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

---

- 1. EMR және EHR анықтамасы:  
<http://ed-informatics.org/healthcare-it-in-a-nutshell..>
- 2.«Ақпараттық Қазақстан 2020» мемлекеттік бағдарламасы «Егемен Қазақстан газеті»
- 3. Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық ғылымын және денсаулық сақтау саласындағы инновацияларды 2020 жылға дейін дамытудың тұжырымдамасы «Дидар газеті»
- 4. <https://vko.enbek.gov.kz/kk/node/313150>

---

**Назарларыңызға  
көп рахмет!**